

## Дене шынықтыру мен спортты дамытуға бағытталған бюджеттен тыс ақша қаражатын бөлу жөніндегі қағидаларды бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2020 жылғы 20 мамырдағы № 134 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 20 мамырда № 20678 болып тіркелді.

"Дене шынықтыру және спорт туралы" 2014 жылғы З шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабының 65-4) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Дене шынықтыру мен спортты дамытуға бағытталған бюджеттен тыс ақша қаражатын бөлу жөніндегі қағидалар бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Спорт және дене шынықтыру істері комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) осы бұйрықпен көзделген іс-шаралар орындалғаннан кейін екі жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Заң қызметі департаментіне іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы  
Мәдениет және спорт министрі

A. Раймкулова

Қазақстан Республикасы  
Мәдениет және  
спорт министрі  
2020 жылғы 20 мамырдағы  
№ 134 бұйрығына  
қосымша

Дене шынықтыру мен спортты дамытуға бағытталған бюджеттен тыс ақша қаражатын бөлу жөніндегі қағидалар

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Дене шынықтыру мен спортты дамытуға бағытталған бюджеттен тыс ақша қаражатын бөлу жөніндегі осы қағидалар (бұдан әрі - Қағидалар) "Дене шынықтыру және спорт туралы" 2014 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасы Занының (бұдан әрі - Зан) 7-бабының 65-4) тармақшасына сәйкес әзірленген және дене шынықтыру мен спортты дамытуға бағытталған бюджеттен тыс ақша қаражатын бөлу тәртібін айқындауды.

2. Осы Қағидаларда қолданылатын негізгі ұғымы:

бірыңғай оператор - Заңның 50-1-бабының 1-тармағына сәйкес дене шынықтыру және спорт саласындағы уәкілетті орган айқындастын, дене шынықтыру мен спортты дамытуға бағытталған бюджеттен тыс ақша қаражатын бөлу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын, корпоративтік қор нысанындағы коммерциялық емес ұйым.

## **2-тaraу. Дене шынықтыру мен спортты дамытуға бағытталған бюджеттен тыс ақша қаражатын бөлу тәртібі**

3. Бірыңғай оператор дене шынықтыру мен спортты дамытуға бағытталған бюджеттен тыс ақша қаражатын Заңның 50-1-бабының 2-тармағына сәйкес:

- 1) пайдаланушыларға қайырымдылық көмекті бөлу бойынша қайырымдылық көмек берушінің ерік-жігерін сақтау;
- 2) қайырымдылық көмек көрсету жөніндегі іс-шаралардың тиімділігі;
- 3) қайырымдылық көмек шеңберінде бөлінген қаражаттың мақсатты жұмсалуын қамтамасыз ету;
- 4) қайырымдылық көмектің оң әсер ету қағидаттары негізінде бөледі.

4. Дене шынықтыру мен спортты дамытуға бағытталған бюджеттен тыс ақша қаражатын алу үшін занды немесе жеке тұлғалар бірыңғай оператордың атына осы Қағидалардың 2-қосымшасында көрсетілген тізбеке сәйкес құжаттарды қоса бере отырып, 1-қосымшага сәйкес нысан бойынша қағаз түрінде қайырымдылық көмек беру туралы өтініш (бұдан әрі - өтініш) жібереді.

Құжаттарды шет тілінде ұсынған жағдайда қоса берілген құжаттардың аудармасының дұрыстығын куэландыру "Нотариат туралы" 1997 жылғы 14 шілдедегі № 155 Қазақстан Республикасы Занының 80-бабына сәйкес жүзеге асырылады.

5. Занды және жеке тұлғалардан түсken өтінішті бірыңғай оператор өтініш берілген сәтten бастап 20 (жиырма) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде қарайды.

6. Ұсынылған құжаттардың сәйкесіздігі анықталған жағдайда, бірыңғай оператор 5 (бес) жұмыс күніне дейінгі мерзімде занды немесе жеке тұлғалардың ескертулерді жойғаны туралы хабарлама жібереді.

7. Ескертулер жойылмаған жағдайда, бірыңғай оператор 10 (он) жұмыс күніне дейінгі мерзімде өтінішті қараудан бас тарту туралы хабарлайды.

8. Занды немесе жеке тұлға ескертулерді жойған кезде өтініш 10 (он) жұмыс күні ішінде қаралады.

9. Бірыңғай оператор құжаттардың толық пакетімен өтінішті қабылдағаннан және қарағаннан кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде шешім қабылдайды және шығындар есебін бекітеді.

10. Бірыңғай оператор шешім қабылданған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күніне дейінгі мерзімде мұдделі тұлғаларға бірыңғай оператор шешімінің көшірмесін ұсынады

11. Оң шешім негізінде бірыңғай оператор заңды немесе жеке тұлғамен шешім қабылданған күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде шарт жасасады.

12. Қажет болған жағдайда заңды немесе жеке тұлғалар шығындардың бекітілген есептемелеріне өзгерістер енгізу үшін бірыңғай операторға қайта жүгінеді.

13. Бекітілген шығындардың есептемелеріне өзгерістер кредиторлық берешекті, тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімақы), өткен жылдардағы әкімшілік айыппұлдарды төлеуге қатысты өзгерістерді қоспағанда, растайтын құжаттардың тиісті негізdemесі болған кезде енгізіледі.

14. Заңды немесе жеке тұлғаның шығындардың бекітілген есептемелеріне өзгерістер енгізуге қайта өтініш беруі түзетілетін кезеңнің екінші айының 20-күнінен кешіктірмей тоқсанына бір реттен аспай жүргізіледі.

15. Заңды немесе жеке тұлға шығындарының бекітілген есептеріне өзгерістер енгізу туралы қайталама өтінішті қарау мерзімі растайтын құжаттарды ұсынған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен аспайды.

16. Бірыңғай оператор қажет болған жағдайда заңды немесе жеке тұлғадан шығындардың бекітілген есептемелеріне өзгерістер енгізу жөнінде шешім қабылдау үшін қажетті қосымша ақпарат пен растайтын құжаттарды сұратады.

17. Өзге баптарға шығындардың бекітілген есептемелеріне өзгерістер енгізуге жол берілмейді:

1) ағымдағы жыл ішінде алушының салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша берешегі болған немесе пайда болған жағдайда;

2) ағымдағы жыл ішінде енбекақы төлеу қоры және азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша берешегі болған немесе пайда болған жағдайда.

18. Бірыңғай оператор растайтын құжаттар мен есеп айырысулар болған жағдайда заңды немесе жеке тұлғаның шығындардың бекітілген есеп айырысуларына өзгерістер енгізуге өтінішін қарайды және шығындардың есеп айырысуларын нақтылай отырып шешім қабылдайды.

19. Заңды немесе жеке тұлғалар қайырымдылық көмекті алғаннан кейін тоқсан сайынғы, жартышылдық және жылдық негізде бірыңғай операторға Заңың 50-1-бабының 7-тармағына сәйкес көзделген бюджеттен тыс ақша қаражатын мақсатты пайдалану туралы есеп береді.

бюджеттен тыс ақша қаражатын  
бөлу жөніндегі қагидаларға  
1-қосымша

Кімге \_\_\_\_\_  
(дene шынықтыру мен спорты  
дамытуға бағытталған  
бюджеттен тыс ақша қаражатын  
бөлу жөніндегі бірыңгай  
оператор басшысының  
лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты  
(болған жағдайда)

Кімнен \_\_\_\_\_  
(занды немесе жеке тұлғаның)

(мекен-жайы, телефоны,  
электрондық поштасы)

## Қайырымдылық көмек көрсетуге өтініш

Сізден қайырымдылық көмек көрсету мүмкіндігін қарастыруды сұраймын:

---

(қайырымдылық көмек алу мақсаты, қайырымдылық көмектің сұратылған

---

сомасы, күтілетін нәтижелер, бюджеттен тыс ақша қаражатын игеру мерзімі

---

\_\_\_\_\_ ,  
20 \_\_\_\_ жылғы \_\_\_\_ тоқсанда).

Осы арқылы тізбеке сәйкес құжаттарды қоса бере отырып, дene шынықтыру мен  
спорты дамытуға бағытталған бюджеттен тыс ақша қаражатын бөлу жөнінде  
таныстым және

келісімімді растаймын.

Косымша: \_\_\_\_ парақта.

---

(қолы) \_\_\_\_\_ (занды тұлғаның немесе жеке тұлғаның басшысының тегі,  
аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

Мөрге арналған орын \_\_\_\_\_ (болған жағдайда)

Өтініш күні 20 \_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_ "

Дене шынықтыру мен  
спорты дамытуға бағытталған  
бюджеттен тыс ақша қаражатын  
бөлу жөніндегі қагидаларға  
2-қосымша

## **Құжаттар тізімі**

1) занды тұлғалар үшін:

банк деректемелері;

занды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама;

өзгерістер мен толықтырулары бар жарғының нотариалды күэландарылған көшірмесі;

құрылтай шартының көшірмесі (болған жағдайда);

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген нормаларды сақтай отырып, түсіндірме жазбасы, талдамалары және әрбір баптың растайтын құжаттары бар шығыстар сметасы;

спорттық жарыстың (іс-шараның) ережесі (регламенті) (болған жағдайда);

тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу үшін жеткізушілерден кемінде екі баға ұсынысы;

шарттардың, оның ішінде енбек шарттардың, шот-фактуралардың, төлеуге арналған шоттың, бүйрықтардың және басқа да растайтын құжаттардың көшірмелері (болған жағдайда);

арнайы банктік шот ашылғанын (бар болуын) растайтын екінші деңгейдегі банктен анықтама;

түгендеу тізімдемесі (болған жағдайда);

2) жеке тұлғалар үшін:

жеке басын күэландаратын құжаттың көшірмесі;

споршыны споршы айналысатын және (немесе) тізімге кіретін дene шынықтыру-спортық үйымға қабылдау туралы бүйрықтың көшірмесі, дene шынықтыру және спортпен айналысатын жеке тұлғаның спорттық-бұқаралық іс-шараларға (жарыстарға) қатысуын растайтын спортық жарыстардың хаттамасы, споршыны тіркеу туралы күелік;

дene шынықтырумен айналысатын жеке тұлғалар, споршылар, ұжымдар (спорт командалары) үшін - түсіндірме жазба және өтінішті негіздеу үшін растайтын құжаттар ;

арнайы банктік шоттың ашылғанын (бар болуын) растайтын екінші деңгейдегі банктен анықтама.